

«Келісілді»  
Ақтобе облысының білім басқармасы,  
Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ  
Ә. Қасымовтың кабинеті менгерушісі Г. С. Барикова

«Келісілді»  
Ақтобе облысының білім басқармасы,  
Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ  
№6 «Аққоғершін» бөбекжай-балабақшасының  
менгерушісі К. Мұршинова

№6 «Аққоғершін» бөбекжай- балабақшасының  
2025-2026 оқу жылына арналған  
«Мені қоршаған орта»  
(3 жастағы балаларға арналған  
вариативті бағдарлама)

Құрастырушы: Губайдуллина Э.Е.  
Басауова Г.Г.

Хромтау қаласы, 2025 жыл

«Ақтөбе облысының білім басқармасы, Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ  
әдістемелік кабинет меңгерушісі Барикова Г.С.-кеңес беруші.

№6 «Ақкөгершін» бөбекжай-балабақшасы МКҚК педагогикалық кеңесі отырысында талқыланды.

Хаттама № 01 «02» 09 2025ж

«Ақтөбе облысының білім басқармасы, Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ  
№6 «Ақкөгершін» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК меңгерушісі К.Муринова

Аудандық сараптау комиссиясының отырысында келісілді.

Хаттама № 01 «03» 09 2025ж

Сараптау комиссиясы төрағасы: Барикова Г.С

## **ТҮСІНІК ХАТ**

### **«Мені қоршаған орта»**

(3 жастағы балаларға арналған вариативті бағдарлама)

«Мені қоршаған орта» вариативті бағдарламасы мектепке дейінгі кіші топ (3 жас) тәрбиеленушілеріне арналған. Бағдарлама балалардың қоршаған әлем туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыруға, табиғатқа, адамдарға және тірі ағзаларға деген сүйіспеншілігін арттыруға бағытталған.

Бағдарлама мазмұны Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде құрастырылды және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

### **Бағдарламаның өзектілігі**

Мектепке дейінгі кіші жаста балалар қоршаған ортаны сезім мүшелері арқылы танып-біледі. Осы кезеңде табиғат құбылыстары, жануарлар мен өсімдіктер, адамдар еңбегі туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру – баланың танымдық дамуының негізі болып табылады. Бағдарлама балалардың бақылау, салыстыру, ажырату, қарапайым қорытынды жасау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

### **Бағдарламаның мақсаты:**

Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес қоршаған орта туралы бастапқы экологиялық және әлеуметтік түсініктерін қалыптастыру.

### **Міндеттері:**

- Балаларды өз отбасы, балабақша ортасымен таныстыру;
- Табиғат нысандарын (күн, су, ағаш, гүл) ажыратуға үйрету;
- Үй және жабайы жануарлар туралы қарапайым түсінік беру;
- Жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін байқату;
- Табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу;
- Танымдық қызығушылықтарын дамыту.

## **Бағдарламаның ерекшелігі**

Бағдарлама ойын технологиялары, бақылау, тәжірибе элементтері, дидактикалық және кимылды ойындар арқылы жүзеге асырылады. Оқу қызметі балалардың жас ерекшеліктеріне сай 15–20 минут көлемінде ұйымдастырылады. Негізгі әдіс – ойын арқылы оқыту.

## **Ұйымдастыру формасы**

- Вариативті компонент
- Аптасына 1 рет
- Ұзақтығы: 15–20 минут
- Барлығы: 36 сағат (оқу жылы ішінде)

## **Күтілетін нәтиже**

Оқу жылы соңында балалар:

- Өзін және отбасы мүшелерін атайды;
- Қоршаған орта нысандарын таниды;
- Үй жануарларын ажыратады;
- Табиғат құбылыстарын байқайды;
- Табиғатқа ұқыпты қарау керектігін түсінеді.

Бағдарлама мектепке дейінгі ұйым жағдайында балалардың танымдық, әлеуметтік және тілдік дамуын кешенді түрде қамтамасыз етуге бағытталған.

**«Мені қоршаған орта»**  
(3 жастағы балаларға арналған вариативті бағдарлама)

**Білім беру ұйымы:** №6 «Ақкөгершін» бөбекжай- балабақшасы.

**Тобы:** «Айгөлек, Балапан».

**Балалардың жасы:** 3 жас.

Айы	Тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі
Қыркүйек	Мен кімін?	1	12.09
	Менің отбасым	1	19.09
	Менің балабақшам	1	26.09
	Менің достарым	1	3.10
Қазан	Күн және жарық	1	10.10
	Су – тіршілік көзі	1	17.10
	Ауа және жел	1	24.10
	Күзгі табиғат	1	31.10
Қараша	Ағаштар	1	7.11
	Гүлдер	1	14.11
	Көкөністер	1	21.11
	Жемістер	1	28.11
Желтоқсан	Үй жануарлары	1	5.12
	Үй құстары	1	12.12
	Жабайы жануарлар	1	19.12
	Қыс мезгілі	1	26.12
Қаңтар	Қар және мұз	1	5.01
	Қыстайтын құстар	1	12.01
	Киімдер	1	19.01
	Менің үйім	1	26.01
Ақпан	Көліктер	1	6.02
	Көше қауіпсіздігі	1	13.02
	Мамандар (дәрігер, аспаз)	1	20.02

	Үйдегі заттар	1	24.02
Наурыз	Көктем келді	1	6.03
	Көктемгі гүлдер	1	13.03
	Құстар	1	20.03
	Табиғатты қорғау	1	24.03
	Жәндіктер	1	3.04
Сәуір	Үй жануарларының төлдері	1	10.04
	Бақшадағы еңбек	1	14.04
	Су әлемі	1	24.04
	Жаз мезгілі	1	4.05
Мамыр	Жазғы ойындар	1	15.05
	Табиғаттағы қауіпсіздік	1	22.05
	Қорытынды қайталау	1	29.05